

Диссертациялық кеңестің 2022 жылғы жұмысы туралы

ЕСЕП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(ұйымның атауы)

жанындағы диссертациялық кеңес

«6D011300/8D01513 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңес

Диссертациялық кеңестің төрағасы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор Чилдибаев Жумадил Байдилдаевич Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма төрағасы- ректордың 2021 жылғы 4 қазан № 06-03-02/92 бұйрығымен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске
6D011300/8D01513 – Биология мамандығы бойынша бойынша диссертация қорғауды қабылдауға рұқсат берілген.

Есепте мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1. Өткізілген отырыстың саны туралы деректер.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы 6D011300/8D01513 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңесте 2022 жылы үш кеңес мәжілісі өтті.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатыспаған кеңес мүшелерінің тегі (фамилиясы).

Диссертациялық кеңеске қатыспаған кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

1. Нурғалиева Айман Калидуллаевна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

2. Амантаева Арайлым Кайратовна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

Нурғалиева Айман Калидуллаевна

Диссертация тақырыбы: Жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері.

Мамандығы: 6D011300 – Биология

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 31 тамыз 2022 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Чилдибаев Жумадил Байдилдаевич – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

Суматохин Сергей Витальевич – педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Мәскеу қалалық педагогикалық университеті, Мәскеу, Ресей.

Жоғары оқу орнындағы жаңартылған білім бағдарламаларына сәйкес, биолог студенттердің білікті тұлға ретінде практикаға бағыттап оқытудың әдістемелік негізін қалыптастыру педагогикалық білім берудің алдында тұрған өзекті мәселе. Болашақ мамандарды даярлауда педагогикалық практиканың алатын орны мен ерекшелігі, студенттердің бойында кәсіби - тұлғалық дағдылар мен біліктіліктерді қалыптастыру шешуші іс-әрекеттің нақты алғышарты болып табылады. Бүгінгі таңда мемлекетіміз жай білім беру ғана емес, сонымен қатар өркениет көшінің сүбелі тұсынан орын алып, жол бастауға қабілетті, дарынды, білімді мамандар тәрбиелеп шығару міндетін қойып отыр.

Болашақ биолог мұғалімдердің кәсіби даярлығы туралы теориялық-әдіснамалық бірқатар сапалы ғылыми еңбектер жазылған. Осы әдебиеттерді зерттеп, яғни талдау барысында білім беруді жаңғырту жағдайында биолог студенттерді педагогикалық практикаға бағыттап оқытудың даярлығы мәселелерінің кейбір аспектілері зерттелгенімен, оның кәсіби қалыптасу сапаларын зерттеу қажеттігін, сондай-ақ бүгінгі таңда мамандарға қойылатын талаптар жоғары педагогикалық білім беретін жоғары оқу орындарының оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларына өзгерістер енгізуді қажет ететіндігін байқатты. Сол себепті қоғам сұранысы мен бүгінгі білім беруде мәселені анықтау және теориялық, әдістемелік жағынан жеткілікті қарастырылмауы, ғылыми-зерттеудің проблемасын айқындады және диссертациялық жұмыстың тақырыбы болашақ мамандарды даярлауда өзекті мәселеге арналған деп айтуға толық негіз бар.

Докторант педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері айқындауға байланысты диссертациялық жұмысында білім берудегі мәселенің жаңа тетіктерін талдау жасай отырып, зерттеу барысында алдына қойған мақсат пен міндеттерді іске асыруда ғылыми жетістіктер болып танылатын маңызды теориялық және практикалық нәтижелерді алуға қол жеткізгенін атап өтуге болады:

Бірінші нәтиже: болашақ биолог мұғалімдердің практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-теориялық негіздері айқындалған. Жоғары оқу орындарындағы болашақ биолог мұғалімдерді даярлау үдерісіндегі «практика» «практикалық дағдылар», ұғымының мәні мен маңыздылығы сараланып, айқындалған;

Екінші нәтиже: биолог-студенттердің педагогикалық практикаға бағытталған кәсіби даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылып, оның әдіснамалық, әдістемелік, технологиялық, мотивациялық, мазмұндық, бағалаушы-рефлексиялық компоненттері айқындалған және қазіргі білім беру талаптарына сәйкес дайындалған.

Үшінші нәтиже: биология бағытындағы педагогикалық практиканың мазмұндық жүйесі ұсынылған. «Педагогикалық практика өткізуге арналған оқу-әдістемелік нұсқаулық («Биология» профилі бойынша)» дайындалған. Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік нұсқаулық педагогикалық практиканың бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз етуге арналған студенттердің көп деңгейлі дайындық жағдайында педагогикалық практикаларды ұйымдастыру, өткізу тәжірибелері, бақылау-өлшеу материалдары, бағалау және практиканы қорытындылау мәселелері жан- жақты қарастырылған.

Төртінші нәтиже: тәжірибелік – эксперимент кезеңінде студенттерді педагогикалық практикаға дайындау әдістемесінің тиімділігі анықталған. Студенттердің теориялық білімі мен практикалық іс – әрекетін арттыруда олардың кәсіби қалыптасуы барысында 3-4 курс студенттеріне ұсынған тапсырмалар мен оқу-әдістемелік нұсқаулықты пайдаланылған.

Алынған нәтижелерді жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтауға бағытталған. Теориялық және практикалық зерттеу барысында алынған нәтижелер сәйкес, өзара байланысты және зерттеудің ғылыми болжамының мәнін толық ашады.

Теориялық және практикалық зерттеу барысында алынған нәтижелер бір-біріне қайшы келмейді, өзара байланысты және зерттеудің жетекші идеясының мәнін толық ашады. Ал олардың сенімділігі зерттелініп отырған мәселені шешу барысындағы ғылыми негізделген тұғырлармен қамтамасыз етілген.

Зерттеу нәтижелерін жалпы білім беру жүйесінде, жоғары оқу орындарында, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде кеңінен пайдалануға болады.

Амантаева Арайлым Кайратовна

Диссертация тақырыбы: Болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері (жобалау технологиясы мысалында)

Мамандығы: 6D011300 – Биология

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 31 тамыз 2022 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Чилдибаев Жумадил Байдилдаевич – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

Станкевич Петр Владимирович – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университеті, Санкт-Петербург, Ресей.

Бүкіләлемдік экологиялық ахуалдың ушыға түсуі, ғаламдық климаттың жылынуы, экологиялық апаттар мен дағдарыстар Жер шарының тұрғындарын бұрын соңды болмаған деңгейде алаңдатып отыр. Осы мәселелерге алаңдаушылық білдірген Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылғы қыркүйек айындағы Қазақстан халқына жолдауында «Экология және биологиялық әркелкілікті қорғау бойынша қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму – еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған мәселе. Бүкіл өркениетті әлем жұртшылығы осы мәселемен айналысуда. Білім беру саласына да өз кезегінде мұндай жаппай үрдістен шет қалуға болмайды. Мектептер мен жоғары оқу орындарында өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беру ісіне жеткілікті назар аудару қажет» екендігін атап өткен болатын. Өкінішке орай, қоршаған ортаға деген қажеттілік басым, экологиялық құзыреттілік деңгейі төмен, нәтижесінде қазіргі экологиялық мәселелерді қабылдаудың төмендігі, қоршаған ортаны өзгерту және жақсарту саласында ғана емес, сонымен қатар педагогика, психология, білім алушы тұлғасын дамыту және қалыптастыру, оқу іс-әрекетінің коммуникациясын сауатты ұйымдастыру, сондай-ақ білім беру жүйесінің практикасына оқытудың инновациялық технологияларын енгізу үшін арнайы білім мен дағдыларды меңгерген жаңа үлгідегі биология мұғалімдерін кәсіби даярлау міндеті бұрынғыдан да өзекті, бүгінгі таңда да қажеттілігі артуда.

Тақырыптың өзектілігі зерттеу жұмысы бойынша жарық көрген ғылыми еңбектерге, нормативті құжаттарға жасалған талдау арқылы болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі жоғары мектепте өзекті екендігін көрсетілген және болашақ маманның кәсіби әдістемелік шеберлігін қалыптастыруда басты мәселелердің бірі екендігін айқындай білгендігенде.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: зерттеу тақырыбына байланысты ғалымдардың «құзырет, құзыреттілік», «экологиялық құзыреттілік» сөзінің мәнін ашудағы іргелі және қолданбалы зерттеулерге талдау жасалған.

Екінші нәтиже: зерттеу жұмыстарымен қажетті әдебиеттерге талдау жасалып, болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін жобалау технологиясы мысалында қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрайтын мотивациялық, мазмұндық, процессуалдық компоненттері анықталған.

Үшінші нәтиже: болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін жобалау технологиясы мысалында қалыптастырудың мазмұны анықталған және әдістемесі жасалған;

Төртінші нәтиже: болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін жобалау технологиясы мысалында қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі эксперимент жүзінде тексеріліп, дәлелденген және оқу үдерісіне ендірілген.

Алынған нәтижелерді болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастыруға арналған өзекті мәселені шешуге жол ашады деп бағалауға болады. Ал олардың маңыздылығы болашақ биолог мұғалімдерді даярлауда экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістемесінің қажеттілігімен айқындалады.

Теориялық және практикалық зерттеу барысында алынған нәтижелері өзара байланысты және олардың дәлелділігі зерттелініп отырған мәселені шешу барысындағы ғылыми негізделген дәйектермен сипатталады. Аталған зерттеу жұмысы мен алынған нәтижелері болашақ биолог мұғалімдерді даярлау үдерісінің теориялық және әдістемелік тұрғысынан дамуына үлес қосады.

4. Рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық жұмыстарға рецензенттер ретінде биология, саласындағы және биологияны оқытудың теориясы мен әдістемесі бойынша зерттеулерде елеулі үлес қосқан отандық ғалымдар тағайындалды.

Рецензенттерді тағайындау барысында ғылыми кеңесшілер және рецензенттердің тәуелсіздігі шарты ескерілді.

Рецензенттер PhD докторлық диссертацияларға кәсіби тұрғыдан талдау жасады. Өз пікірлерінде рецензенттер зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық негізделгендігін баса көрсетіп, дәйекті қорытындылар жасалып, ескертулер мен ұсыныстарды тұрақты түрде беріп отырды. Диссертацияларға теріс пікірлер берілген жоқ.

Қорғалған диссертациялардың рецензенттері бойынша мәліметтер:

Нурғалиева Айман Калидуллаевнаның диссертациясы бойынша:

Тулеуханов Султан – биология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

Батаева Дарифа Серікқызы – философия докторы (PhD), Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті.

Амантаева Арайлым Кайратовнаның диссертациясы бойынша:

Сихынбаева Жамила Сарсенбаевна - педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор м.а., Мирас университеті, Шымкент қаласы Қазақстан.

Ануарова Ляйля Ермекхановна - биология ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Диссертациялық кеңес мәжілісінде ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар жасалды:

- диссертацияларды қорғауға жіберетін ЖОО басшылары және бітіруші кафедралардың зерттеу жұмыстарының дайындық деңгейі мен сапасына жіті назар аудары қажет екендігін ескерткіміз келеді.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:

	6D011300/8D01513 – Биология
Қорғауға қабылданған диссертациялар	2
Қарауданалыныптасталғандиссертациялар	2
Рецензенттердіңтеріспікіріналғандиссертациялар	-
Қорғауқорытындысыбойыншатерісшешімалғандары	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____

М. Чилдибаев

Ж.Б.Чилдибаев

Диссертациялық кеңестің
Ғалым хатшысы



М.Б. Аманбаева

30.12.2022 ж.